

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 24)

9

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Сұйық азоттағы сақтау жүйелері	Негізгі ерекшеліктері мен функциялары Сұйық азотты сақтау және тасымалдауға арналған Дьюар ыдысы. Жинақ құрамында үлгілерге арналған 6 канистра бар. Көлемі – 30 л, зертханалық қолдануға оңтайлы. Техникалық сипаттамалары Түрі: сұйық азотты сақтауға арналған криогендік Дьюар ыдысы Көлемі: 31,5 литр Құрылымы мен материалдары Корпус материалы: жоғары сапалы алюминий қорытпасы Жылу оқшаулау: азот шығынын азайту үшін көпқабатты вакуумдық оқшаулау Мойын бөлігі: булануды азайтуға арналған тар мойын Ішкі канистрлер: 6 дана (криопробиркалар немесе сабаншаларда үлгілерді сақтау үшін) Мойын диаметрі: 50 мм Жұмыс сипаттамалары Сұйық азоттың орташа булану шығыны: $\leq 0,16$ л/тәулік Қосымша азот құймай сақтау уақыты (статикалық режимде): шамамен 200–250 күн Үлгілерді сақтау сыйымдылығы: • 1,2/2 мл көлемдегі криопробиркалар – 792 данаға дейін • 0,5 мл көлемдегі сабаншалар – 1788 данаға дейін (арнайы ұстағыштарда) Қауіпсіздік және пайдалану ыңғайлылығы Қақпак: жылу оқшауланған, оңай алынатын Тасымалдауға арналған тұтқалар: бар, бүйір жағында орнатылған Канистрлерді бекіту жүйесі: үлгілерді ыңғайлы алу үшін бекітілген Қосымша жабдық: сұйықтық деңгейінің цифрлық өлшегіші және температура дабылы (қосымша) Габариттері және пайдалану шарттары Габариттері (Е×Т×Б): шамамен 450 × 450 × 700 мм Салмағы (бос): шамамен 15,3 кг Жұмыс температурасы: -196°C-тен $+50^{\circ}\text{C}$-қа дейін Салыстырмалы ылғалдылық: 85%-ға дейін (конденсациясыз) Артықшылықтары Жоғары жылу оқшаулауы арқасында температураны ұзақ сақтау мүмкіндігі. Үлгілерді канистрлерде ыңғайлы орналастыру. Жеңіл әрі берік конструкция – қауіпсіз пайдалануға арналған. Көлем мен тасымалдау ыңғайлылығының оңтайлы арақатынасы.	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

Ғылым департаментінің жетекші маманы

А.Ошибаева

А.Айымбетова

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін